



АУЫЛ БАЛАСЫ  
МЕГАПОЛИСТЕ  
ОҚИ АЛА МА?

6-БЕТ | БІЛІМ



САНКЦИЯЛАР  
СОҒЫСЫНЫҢ САЛДАРЫ

9-БЕТ | ШАРТАРАП



ТҮҢҒЫШ ТӨРАҒА

10-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мен ұрпақты еңбекқорлыққа, бизнес жүргізу шеберлігіне баулу мәселесі жөнінде үнемі айтып жүрмін. Мәселен, кейбір көрші елдердің жастары шетелдерге барып, белсенді түрде кәсіппен айналысады, дүкен ашады, ұлттық тағамдарын дәріптейді, қысқасы, нәпақасын табады. Осындай әрекеттерден біздің жастарымыз да үлгі алса, жаман болмайды. Әрине, бұл елден кетіп, еңбек ет деген сөз емес, бұл – ең бастысы, еңбектің жақсы-жаманы жоқ деген сөз.

№97  
(4530)

Бейсенбі  
17 тамыз  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Биыл 1 маусымдағы санақ бойынша Астана тұрғындарының саны 1 млн 376 мың адамға жетті.

Халықтың жыл сайынғы өсімі 50 мыңнан астам тұрғынды құрайды. Сондай-ақ, бас қаланың аумағы да кеңейді. 2017 жылғы 6 ақпандағы Президент Жарлығымен Ақмола облысының Целиноград ауданының 8719 гектар жері астанаға қосылып, қала аумағы бұрынғы 71 мың гектардан 79,7 мың гектарға дейін ұлғайды. Мұндай дерек «Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспарының» жаңа жобасы таныстырылған қоғамдық талқылауда айтылды.



Жаңа оқу жылынан бастап колледж студенттерінің шәкіртақысы тағы 50 пайызға өседі.

Оқу-ағарту министрі Фани Бейсембаев Үкімет отырысында осы жаңалықты жария етті. Ол Президенттің тапсырмасы бойынша техникалық және кәсіптік білім беруге мемлекеттік тапсырысты ұлғайту жұмысы белсенді жүріп жатқанын айтты. Биыл осы салаға 133 мың грант бөлінген. Оның 60 пайызы техникалық мамандықтарға бағытталды. 410 колледжді кәсіпорындар өз қамқорлығына алған.



## АСТАНАНЫҢ АУЛАЛАРЫ АЖАРЛЫ

Әр қаланың, әр үйдің ажарын кіргізетін жері – аулалары. Елорданың аулалары да ай емес, тіпті күн сайын көркейіп келеді. Аулалар, ең алдымен, тұрғындардың бос уақытында тынығатын, сейіл-серуен құратын жері. Бір қуанарлығы, соңғы 4 жылда астаналықтар «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқылы өз ауласын абаттандыруға белсенді түрде атсалысып келеді.



### ЦИФРЛЫ ТЕҢГЕ ЕНЕДІ

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі цифрлы теңгені таныстырды.

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Берік Шолпанқұлов пен «Ұлттық банктің төлем және қаржы технологияларын дамыту орталығы» АҚ төрағасы Бинұр Жәленов цифрлы теңгені енгізу жобасын ұсынды.

Бұл жоба – ұлттық төлем жүйесін одан әрі дамыту және жаңғырту, жаңа сыртқы сын-қатерлерге бейімдеудің бірегей жолы. Цифрлы теңге қолма-қол немесе қолма-қол емес ақшаны алмастырмайды. Есептеу құралы солармен қатар қолданылады.

Цифрлы валютаның пайда болуы бірегей технологиялық сипаттамаларына байланысты ұлттық төлем жүйесін дамытуға көмектеседі: мысалы, цифрлы теңгені интернетке қосылмай-ақ төлеуге болады.

### 27 МЫҢ БАЛА МЕКТЕПКЕ БАРАДЫ

Елордадағы оқушылардың жалпы саны биыл 255 мың болады. Солардың ішінде 27 мыңға жуығы 1-сыныпқа барады. Бұл туралы кеше Астана қаласының коммуникациялар қызметінде өткен жаңа оқу жылына дайындық жұмысы туралы брифингте қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев мәлімдеді. Құжаттарды «электрондық үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы арқылы қабылдау аяқталды, қазіргі таңда ата-аналар қағаз жүзінде құжат тапсыра алады.



2

№97 (4530) 17/08/2023 Бейсенбі



## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУҒА ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Аустриядағы елшісі, Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі болып тағайындалған Мұхтар Тілеубердіні қабылдады.

Кездесу барысында Президент Аустриямен және Венадағы салалық халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты одан әрі

дамыту қажеттігін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев дипломатқа Қазақстанның серіктес мемлекеттермен екіжақты және

көпжақты форматтағы өзара қарым-қатынасын нығайту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

## КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дағыстан Республикасының Махачкала қаласындағы жанар-жағармай стансасында болған жарылыс салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинге көңіл айтты.

«Орны толмас қайғыға ортақтасып, қаза тапқан адамдардың туған-туыстарына Қазақстан

халқының және жеке өз атыман көңіл айтамын. Сонымен қатар зардап шеккендердің тезірек

сауығып кетуіне тілектестік білдіремін» деп жазылған жеделхатта.

## 27 МЫҢ БАЛА МЕКТЕПКЕ БАРАДЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Әр мектепте қабылдау комиссиясы ұйымдастырылған. Дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерден басқа барлық мектептерде 1-сыныпқа емтихансыз қабылданады. Білім беру ұйымдары 10, 11 (12)-сыныптарға сол мектеп жанында тұратын оқушыларды қабылдайды және қабылдау білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттың негізінде жүзеге асырылады. Бүгінде білім беру ұйымдарының 10-сыныптарына 8360 бала қабылданған.

– Қазіргі таңда 49 білім беру нысанында күрделі және ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілуде, оларды оқу жылы басталғанға дейін аяқтау жоспарлануда. Одан бөлек, 14 мектептің құрылысы жүріп жатыр, 11 мектеп ағымдағы оқу жылында, оқу жылы басталмай тұрып 4800 орындық 3 мектеп пайдалануға беріледі. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 90000 (екі ауысымда) орынға шақталған 24 мектеп салынады, – деді Қасымхан Сенғазиев.

Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда 10317 орынға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылды. Жұмыс істеп тұрған мектепке дейінгі ұйымдар жанынан қосымша 500 орындық корпус ашу жоспарлануда. Биыл 17 тамыздан бастап Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарының топтарын жаңа 2023-2024 оқу жылына жасақтау аяқталады. Порталда 22190 жолдама берілді, оның ішінде 13157 жолдаманы мемлекеттік балабақшаға баратын балалар алған.

– Бүгінде елордада 67642 баланы қамтитын 505 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Электрондық кезекте 61 мыңға жуық мектеп жасына дейінгі бала тіркелген. Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру аясында осы жылдың қыркүйек айынан бастап халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар балабақшаларда тегін тамақпен қамтамасыз етіледі, – деп атап өтті Білім басқармасының басшысы.

Елордада қазір 33 колледж бар. Кадрларды даярлау 75 мамандық және 122 біліктілік бойынша жүзеге асырылады. Барлық колледжде кабинеттерге, шеберханалар мен жа-

тақханаларға косметикалық жөндеу жүргізілді, білім беру бағдарламалары қайта жанданып, педагогикалық штат жасақталды. Бүгінгі таңда колледждерге оқуға 11937 адам өтініш берді. «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» жобасы аясында 8 бағыт бойынша 8500 орынға және сұранысқа ие 59 мамандық бар.

Қ.Сенғазиевтың айтуынша, биыл алғаш рет колледждерге 10-11-сынып оқушыларына арналған эксперименттік білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау жүргізілуде. Оқуға 270 адам қабылданады деп жоспарлануда, олар 1,5 жылдан кейін білім туралы аттестат және жұмыс біліктілігі берілген диплом алып шығады. Оқу жылының басынан бастап 607 студент мемлекеттік тапсырыс бойынша колледждерде оқуды бастайды, ал аяқтағаннан кейін қаланың 44 түрлі ұйымында жұмысқа орналасады.

Елордалық білім беру ұйымдарында 3533 педагог жұмыс істейді. Жаңа оқу жылында қала мектептерінде өкім гранты бойынша білім алған педагогикалық жоғары оқу орындарының 131 түлегі жұмыс істей бастайды. 1 қыркүйектен бастап балабақша тәрбиешілерінің жалақысы 30 пайызға артады.

## КИНОРЕЖИССЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кинорежиссер Тимур Бекмамбетовті қабылдады. Кездесу барысында еліміздегі кинематография саласын дамыту перспективалары, креативті индустрия мамандарын оқыту, отандық киноконтенттің көлемін ұлғайтуға жағдай жасау және кинематографистерді қолдау мәселелері талқыланды.

Тимур Бекмамбетов дәстүрлі мамандық иелерін (ұстаздар, әртістер, суретшілер және тағы басқалары) цифрлық креативті индустрияға қажетті мамандықтарға қайта даярлау жөніндегі жобаны өзге елдерде жүзеге асыру тәжірибесін бөлісті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл саланың дамуына жағдай жасап, шетелдік мамандарды тартуға мүмкіндік беретін «Кинематография туралы» заңның маңызды рөлін атап өтті. Сонымен қатар Мемлекет басшысы әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, отандық кино индустриясын жаңғырту қажет екеніне баса назар аударды.



## ҮШ ОБЛЫСТА ӘКІМДЕР САЙЛАНАДЫ

20 тамызда 3 облыста 21 ауыл әкімінің сайлауы өтеді. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«13 тамызда еліміздің 7 облысында 17 ауылдың әкімі сайланды. Соңғы екі жылда Президенттің саяси реформалар бағдарламасы аясында ауыл әкімдерін халықтың өзі тікелей сайлайтын болды. Осы уақытқа дейін 1668 ауыл, ауылдық округ, аудандық маңызы бар қала әкімдері сайланды.

Үміткерлердің 75 пайызын саяси партиялар ұсынса, қалған 25 пайызы – өзі-өзі ұсынушылар. Сайланған әкімдердің жартысынан астамы (57,4 пайыз) бұрын мұндай қызмет атқармаған. Бұл – ауыл әкімдерінің корпусы айтарлықтай жаңарды деген сөз. Жергілікті әкімдердің құрамы да біршама

«жасарды». Бүгінде сайланған әкімдердің орташа жасы 45 жасты құрайды.

Алдағы жексенбіде, 20 тамыз күні 3 облыстағы 21 ауыл әкімінің сайлауы өтеді. 2023 жылдың соңына дейін барлығы 199 елді мекенде әкімдер жаңадан сайланады» деді Е.Қарин.

## СПОРТШЫЛАР ЖАТАҚХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Елордада алғаш рет олимпиадалық резервтегі бірінші мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жас жаттықтырушылары тегін тұратын жатақхана ашылды. Астанадағы көпқабатты тұрғын үйлердің бірінің бірінші қабатында орналасқан жатақхана Мемлекеттік мүлік басқармасы арқылы спорт мектебінің балансына берілді. Бұл жаңалықты Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов жария етті.

«Жаттықтырушылар үшін тұрғын үй мәселесі ерқашан өзекті болып келеді. Елордаға Алматыдан келген 4 және Әскеменнен 2 жаттықтырушы осы мекенжайға орналасты. Мұнда адамның күнделікті тұрмысына қажетті барлық жағдай бар, жеке бөлмелерге жиһаздар қойылған. Спорт

және дене шынықтыру басқармасының осы тәжірибесін алдағы уақытта да қолдаймыз» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сонымен қатар мәслихат төрағасы Астана қаласы әкімдігінің «№7 балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінің» жұмы-

сымен танысты. Қазіргі таңда спорт залы толығымен дайын және спорттың 8 түрінен (қазақ күресі, джиу-джитсу, грэпплинг, таеквондо, каратэ-до, муайтай, киокушинкай кан каратэ, самбо) оқу-жаттығу процесі өтіп жатыр. Осы залда 200-ге жуық спортшы дайындалуда.



## ОЙЫНХАНАҒА КІРУГЕ ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ

Шенеуніктер мен күштік құрылым қызметкерлеріне казиноға кіруге тыйым салынуы мүмкін. Бұл туралы «Пре-

зиденттің кей Жарлықтарына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Жарлық жобасында жазылған. Құжатқа сәйкес,

мемлекеттік қызметшілер, әскерилер мен полицейлер ойынханаға бара алмайды. Тек қызмет бабымен кіруге рұқсат.

## ОҚУШЫЛАРҒА – ҚОСЫМША БІЛІМ



Жаңа оқу жылы қарсаңында Тұран даңғылында орналасқан жаңа бес қабатты Оқушылар сарайы ашылады.

«SANA» оқушылар сарайында 56 бағыт бойынша 50-ден астам үйірме жұмыс істейді. 99 оқытушы жасөспірімдердің рухани-мәдени шығармашылық

әлеуетін дамытатын болады. Ғимараттың жалпы ауданы – 8 мың шаршы метр. Онда оқушылар судо және авиа модельдеу, фото және бейне

студиясы, cooking club (аспаздық клубы), Apple және Windows сыныбында білімін шыңдайды. Басты ерекшелігі – тек балаларға арналған 25 метрлі бассейн болады.

Жасөспірімдер мен балалар үшін қосымша білім беруге арналған орталыққа Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов арнайы барып, жұмысымен танысып:

– Заманауи жабдықтармен жабдықталған орталық бір уақытта 700-ге дейін оқушыны қабылдай алады. Жыл бойы жұмыс істейтін Оқушылар сарайы би, вокал, робототехника, әртүрлі спорт түрлері, әлеуметтік ғылымдар бойынша қызмет көрсетеді, – деді.

Заманауи орталық жаңа оқу жылында жұмысты толық бастауға дайын.

– Орталық мұғалімдерінің 99 пайызы жинақталды. 1 қыркүйектен толық құрамда жұмыс істейміз. Үйірме жұмысы баланың қабілетіне қарай ұйымдастырылады. Оқушы өзі бейімделіп жатқан сала бойынша жас ерекшелігіне қарай ең төменгі деңгейден жоғары деңгейге дейін шыңдалады. Мысалы, технологиялар курсына бала әуелі техниканың құрылысымен танысады, бірте-бірте роботпен жұмыс істеуге дейін жаттығады. Мұнда заманауи журналистика дағдыларын үйрету курсы бар, – дейді орталықтың білім және тәрбие бөлімінің жетекшісі Қазбек Елубайұлы.

Қала тұрғындарына қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында Астана қаласында автобус бағдарларының саны артады. 31 тамыздан бастап желіге екі жаңа бағдар шығады.

## ЖАҢА БАҒДАР МЕН АЯЛДАМА ҚОСЫЛДЫ

№49 бағдар – Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығын Бас мешітпен байланыстырады. Бұл «Көктал-1», «Көктал-2» тұрғын алабын және «Көктал» паркі «Жағалау» тұрғын алабымен көлік байланысын жүзеге асырып, Ш.Айтматов, Сығанақ және Бас мешіт көшелеріне көліктік қызмет көрсетуді жақсартады.

№57 бағдар – «Нұрлы жол» теміржол вокзалы мен Қазыбек би көшесін біріктіреді. Бұл бағытты іске қосу Төле би көшесінде жолаушылар тасымалдауға, Сығанақ, Сарайшық және А.Байтұрсынұлы көшелерінде

көлік қатынасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, №40 бағдардың жүктемесін төмендетеді.

Жаңа бағдармен қатар, жаңа аялдама да іске қосылды. Енді елорданың қала маңындағы төрт бағытының қозғалыс сызбасына «Бірлік» саяжай қоғамы» аялдамасы енгізілді.

№306, 310, 311, 326 бағдарларының Астрахан тасжолы бойындағы (Талапкер ауылы ауданы) қозғалыс сызбасына жаңа «Бірлік» саяжай қоғамы» аялдамасы қосылды. Маршруттар осы аялдамаға қызмет көрсете бастады.

## МӘМС МӘСЕЛЕЛЕРІ МАҢЫЗДЫ

Елорданың Есіл ауданы әкімдігінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша тұрғындармен кездесу өтті.

Есіл ауданы әкімінің орынбасары Дәрманияр Қыдырбекұлы құттықтау сөз сөйледі. Келесі кезекте сөз алған Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті басшысының орынбасары Берік Қайкенов жиынға қатысушыларды халықты сақтандырудың ағымдағы жағдайы туралы баяндамасымен таныстырып, атқарылған жұмыстарға тоқталып, жиналғандарға өзекті мәселелер бойынша жауап берді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Астана қаласы бойынша филиалы директорының орынбасары Марат Хавсемет қаладағы медициналық ұйымдарды қаржыландыру, «Міндетті медициналық сақтандыру туралы» заңды жүзеге асырудағы медициналық қызметтің басым бағыттары мен қосымша көлемдері, стратегиялық көрсеткіштерді қоса алғанда, облыс халқын сақтандырудың ағымдағы жағдайы туралы, ӘМСҚ-ға түскен шағымдар саны, оларды шешу шаралары туралы баяндама жасады.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі, жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына, тұрғылықты жері мен табысына қарамастан, Қазақстанның барлық сақтандырылған азаматына медициналық және дәрілік көмекке тең қолжетімділікке кепілдік береді, – деді Марат Хавсемет.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі, жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына, тұрғылықты жері мен табысына қарамастан, Қазақстанның барлық сақтандырылған азаматына медициналық және дәрілік көмекке тең қолжетімділікке кепілдік береді, – деді Марат Хавсемет.

Астанада қаланың сырт келбетін дизайн-кодқа сәйкестендіру бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Тұрақты негізде елорданың барлық бес ауданында кәсіпкерлерге түсіндіру жұмысы жүргізілуде.

## ЖАРНАМА ТАЛАПҚА САЙ БОЛСЫН

Астанада жыл басынан бері 2700-ге жуық баннер, жарнамалық маңдайша, оның ішінде дизайн-кодқа сәйкес келмейтін дөңгелектердегі жарнамалар бөлшектелді.

Бес аудан әкімдігінің қызметкерлері заңсыз және сәйкес келмейтін жарнаманың дизайн-кодын түсіндіру және бөлшектеу бойынша көшпелі іс-шаралар өткізуде. Кәсіпкерлерге түсіндіру жұмысы жүргізіліп, дизайн-кодқа сәйкес келмейтін маңдайшаларды ауыстыру қажеттілігі туралы буклеттер берілуде.

2023 жылдың қаңтар айында Астананы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көше жарнамасын орналастыруға қойылатын талаптың

сақталуын бақылауды күшейтуді тапсырған еді. Жауапты міндет «Астана-Жарнама» мекемесіне жүктелген-ді.

Маңдайшаны ғимараттың немесе құрылыстың қасбетіне орналастыру тәжірибеміз бар. Онда бизнес өкілдеріне елорданың архитектуралық келбетін бір стильде жүзеге асырудың үлгісі көрсетілді.

Бүгінде елордалық кәсіпкерлер мемлекет тарапынан жан-жақты қолдауды сезініп келеді. Олар жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант алу, несие бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, қарызға ішінара кепілдік беру, жетіспейтін инфрақұрылымды жүргізу және тағы басқалар.

## АСТАНА АГЛОМЕРАЦИЯСЫ ДАМИДЫ

Қалалық мәслихаттың депутаттары «Астана бас жоспардың» ғимаратында өткен көшпелі кеңесте елорда мен астаналық агломерацияның қала маңындағы аймақтарын, бас қалаға іргелес жатқан Ақмола облысының аудандарын одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов бұл мәселелерді шешуде инфрақұрылымдық қажеттіліктерді, эко-

логиялық тұрақтылықты, әлеуметтік аспектілер мен экономикалық мүмкіндіктерді ескеру қажет екенін атап

айтты. Оның пайымдауынша, тиімді жоспарлау тұрғындардың өмір сүруі, жұмыс істеуі және демалуы үшін қолайлы орта құруға, сондай-ақ әртүрлі салаға инвестиция тартуға, жұмыс орындарын ұлғайтуға және өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етуі керек. Депутаттар бұл мәселелерді Ақмола облысы мәслихатындағы әріптестерімен бірлесіп талқылап, жиын қорытындысы бойынша арнайы жұмыс тобын құрды.

## ЖАСТАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫН ҚОЛДАЙДЫ



Елордамыздың депутаттық корпусы жастардың қаланы дамытуға бағытталған әлеуметтік жобаларын қолдайды. Бұл туралы астаналық жастар өкілдерімен кездесуден кейін Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Елордалық жастар өкілдерімен қызықты кездесу өткіздік. Шығармашылық идеяларды қолдау, нашақорлыққа қарсы күрес, бұқаралық спортты,

сондай-ақ жастар кәсіпкерлігін дамыту туралы мәселелер қозғалды. Осындай кездесулерді дәстүрлі негізде өткізуге келістік. Жақын арада елорданың жас

тұрғындарын қолдауды көздейтін бірлескен жоспар дайындалады» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

## ЖАСАНДЫ СҮТ ӨНІМІ ҰСЫНЫЛДЫ

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің ғалымдары өсімдік негізінде сүт өндірудің жаңа технологиясын ұсынды.

Қазіргі таңда сүт өнімдерінің ішіндегі ең белгілі өнімі бадам, сұлы және соядан алынған сүт өнімдері болғанмен, бұл сектор инновацияға толы. Қазақстанда өсімдік шикізатынан алынған сүт нарығы қарқынды өсуде, импорттық өсімдік сүтін сату 2020 жылдан 2021 жылға дейін 50 пайызға өсті. Лактозаға төзбеушілігі бар тұтынушылар саны артып, дәмдік талғамдар өзгеруде. Сондықтан өсімдік

негізіндегі сүт өніміне сұраныс артып келеді. Өсімдік сүті – лактозасыз йогурт пен балмұздақ өндірісінің шикізаты. Құрғақтай түрінде ботқаға қосатын ингредиент ретінде қолданылады. Бұл лактозаға аллергиясы бар тұтынушылар мен вегетариандар үшін маңызды.

– Импортқа тәуелділікті төмендетуге университет ғалымдары үлес қоса алады. Ғалым Г.Оспанқұлованың

жетекшілігімен ғалымдар тобы бидай, сұлы, арпа, күріш, амарант дақылдарының негізінде сүт алмастырғыштарды өндіру бойынша зерттеулер жүргізіп, тың технология әзірледі, – деді медиа-коммуникация орталығының баспасөз хатшысы Зейін Әліпбек.

Жаңа өнімдердің нарықтағы артықшылығы – импорттық өнімдерді алмастырады, биотехнологиялық әдістерді қолдана отырып, жоғары сапаға қол жеткізеді, қосымша микроэлементтермен байытады, аллергиямен ауыратындар мен орталық жүйке жүйесінің сырқаты бар адамдар үшін қауіпсіз.



№97 (4530) 17/08/2023 Бейсенбі

Райхан  
РАХМЕТОВА

# ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ТОЗУ ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТЕДІ

**Б**аспасөз туры аталған компанияның қызметкерлері жылу жүйесі құбырларын жаңартып жатқан 3 телімде өтті. Оған қоғам белсенділері, Астана қалалық мәслихатының депутаттары және БАҚ өкілдері қатысты. «Астана-Теплотранзит» АҚ жылу трассасын қайта жаңарту бойынша Ж.Тәшенов көшесі, 10-үй; М.Әуезов көшесі, 27-үй; Республика даңғылы, 27-үй мекенжайлары маңындағы телімдер бойынша жұмыстар қаралды. Соның ішінде бірінші телімдегі жұмыстармен Табиғи монополияларды реттеу комитеті Астана қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мағжан Қуанышбек таныстырды.

– Инвестициялық бағдарлама бойынша қаладағы проблемалық 15 нысанды қайта жаңарту көзделген. Соның аясында Астанада жылу желілерін ауқымды реконструкциялау жұмысы жалғасуда. Аталған акционерлік қоғам берген мәліметтер бойынша биылғы жұмыстың 60 пайызы істелді. Қалғанын қазан айының соңына дейін аяқтау көзделуде. Сондай-ақ «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы бойынша осы жылы қосымша 1 млрд 145 миллион теңге бөлінді. Жылу науқаны басталғанша барлық жұмыс аяқталады, – деді ол.

Келесі кезекте баспасөз турының қатысушылары М.Әуезов көшесі, 25, 27-үйлер бойындағы жылу трассасын қайта жаңарту жұмысымен танысты. Дәл сондай жұмыстар Бейбітшілік көшесі, 24, 26, 28-үйлер бойында және Бөгенбай батыр даңғылы, 50/1 даңғылында жүргізіліп жатыр. «Астана-Теплотранзит» АҚ төрағасының

Елордадағы жылу құбырларының тозу деңгейі 55,2 пайызға жеткен. Үкімет соны 2029 жылға дейін 40 пайызға төмендетуді осы салаға жауапты «Астана-Теплотранзит» АҚ алдына міндет етіп қойды. Сол мақсатта биыл 2,9 млрд теңгеге инвестициялық бағдарлама бекітілген болатын. Аталған қаржының қазіргі таңда қалай игеріліп, елордада жылу желілерін жөндеу жұмысы қалай жүріп жатқанын, жалпы бағдарламаның орындалу барысын көрсету үшін Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қалалық департаменті «Астана-Теплотранзит» АҚ нысандары бойынша баспасөз туры ұйымдастырды.



өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Сейітқазиев те осы телімдегі және жалпы қаладағы жерасты жылу желісін жаңарту жұмысының барысынан мәлімет берді.

– Кәсіпорынның қызмет көрсету аумағы қала бойынша жалпы ұзындығы 957,016

шақырым жылу жүйелерінен тұрады. Елорданы жылумен қамту саласының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және жағдайын жақсарту, жаңғырту үшін компания 2021-2025 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруда. Аталған бағдарламамен

былтыр ұзындығы 6413 метр жылу трассасы кәсіпорынның өз күшімен және мердігерлік жолмен жаңартылды. Ал биылғы осы бағдарлама шеңберінде жалпы ұзындығы 8,335 шақырым жылу трассасы бойындағы диаметрі 50-400 мм құбырлар жаңартылуда. Бүгінгі таңда соның ішінде 4,900 шақырым жылу трассасындағы жұмыстар бітті. Бұл – жалпы жұмыс көлемінің 59 пайызы, – деді М.Сейітқазиев.

Турға қатысқан Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері бойынша комиссия төрағасы Кеңдебай Адамбеков жылу трассаларының тозуы әсіресе қаланың оң жағалауына тиесілі екенін айтты.

– Елордада 15 жылдан бері жылу трассаларына қатысты көп мәселе шешілді. Бірақ биыл Президент тапсырмасы бойынша «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы қа-

растырылып жатыр. 1 шілдеден бастап жылу тарифі 19 пайызға қымбаттады. Бұл жөндеу біз бен сіздің жылуға төлеп отырған қаржымызға жасалуда. Жылу құбырларының тозуы әсіресе оң жағалауға тиесілі, сол жағалауда құбырлар әлі жарамды. Қала тұрғындарының жартысы оң жағалауда тұрады. Былтыр елордада жылу жетіспегенін бәріміз білеміз. Қазір әлі де 1000 м² жылу жетіспейді. Әр жерде 200, 500 метр қысқа жер телімдері жылыту маусымына дайындалып, ауыстырылып жатыр. Одан бөлек, қалада жаңа жылыту қазандықтары салынуда. Атап өткендей, қаладағы жылу жүйелерінің тозу деңгейін 2029 жылға дейін 40 пайызға түсіру керек болса, биылғы жұмыстар арқылы тек 4 пайыз ғана төмендейді.

асыру арқылы қалада жылу мәселесіне қатысты 1-2 жылға қиындықтар болмайды, – деді комиссия төрағасы.

Турға қатысып, нысандарды аралап жүрген Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, республикалық тариф саясатының сарапшысы Марат Мұстафин «Астана-Теплотранзит» АҚ жұмысын әзірге күн жылы, жарық кезде тездетіп аяқтау үшін жұмыс қарқынын жылдамдатуы керек екенін жеткізді.

– Бұлар 100 пайыздан артық тариф сұрап еді, 19 пайыз берілді. Соның ішінде 2,9 млрд теңге инвестиция бекітілген. Ал былтыр бұлардың тарифінде 1,9 млрд болған. Бұл қаржы тарифтің ішінде, жұмыс тұтынушылардың төлемақысымен жасалуда. Үлкен бағдарлама. Қалада бұдан басқа да жұмыс көп. Сондықтан кішкене жылдамдату керек. Құбырлардың тозу деңгейі жағынан Астанада басқа қалаларға қарағанда жағдай дұрыстау. 20 жылда қаншама құбыр жаңартылды. Осы бағдарламамен жасалған жұмыстар арқасында қысқа жақсы кіруге шамасы бар, – деді ол.

Қоғам белсенділері барған үшінші нысан Республика даңғылы, 25 мекенжайында орналасқан. Жауапты маманның сөзінше, бүгінде мұндағы жұмыс 100 пайызға орындалған. Жылу желілерін тексеру қорытындысы бойынша құбырлардың айтарлықтай тозғаны анықталған. Жылу желілерінің қанағаттанарлықсыз жағдайының негізгі себебі – құбырлар мен жабдықтардың ұзақ уақыт



Бұл құбырлардың жатқанына пайдаланылуы. Бұған желіде үнемі болатын температуралық және динамикалық кернеулер, сондай-ақ сыртқы және ішкі тоттану процесі ықпал еткен.

## ДАБЫЛ ҚОНДЫРҒЫСЫ ОРНАТЫЛДЫ

Астанада жылыту кезеңінің басталуы қарсаңында және тұрғын үй секторында өрттің алдын алу мақсатында ағымдағы жылдың 15 тамызынан бастап «Өрт қауіпсіздігі айлығы» жүріп жатыр.

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

Қалалық Төтенше жағдайлар департаменті ұйымдастырған бұл іс-шара Бөгенбай батыр даңғылы, 4 мекенжайында орналасқан №5 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде жеке құрамның сап түзеуімен басталды. Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Сарыарқа аудандық Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы Айдана Мадиеваның айтуынша, ағымдағы жыл басынан бері Астана қаласы бойынша 406 өрт оқиғасы тіркелген. Тұрғын үй секторларындағы өрттің негізгі себептері пешпен жылыту, электр жабдықтарын қолдану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталмауы болып жатады.

– Жыл сайын күн суыта бастағанда

және жылыту маусымы жақындағанда, адамдардың өрттен қайтыс болуы мен жарақаттанудың алдын алу мақсатында департамент жеке тұрғын үй секторын аралау арқылы алдын алу іс-шараларын жүргізеді. Ол үш кезеңге бөлінген. 1-кезең – 15 тамыздан 15 қыркүйекке дейін; 2-кезең – 15 қыркүйектен 15 қазанға дейін және 3-кезең 15 қазаннан бастап жылыту кезеңінің соңына дейін жалғасады. Іс-шара шеңберінде департамент қызметкерлері ауаларды аралау арқылы рейд жүргізеді, үгіт-насихат жұмысы күшейтіледі, – деді Айдана Мадиева.

Одан әрі еріктілер Төтенше жағдайлар басқармасының өкілдерімен бірге халықтың әлеуметтік осал топтарының тұрғын үйлеріне рейдке шықты. Биыл әлеуметтік осал топқа жататын 200 отбасыдан өтініш түскен. Әкімдіктен көмек сұрағандардың бірі – көпба-



лалы әрі мүгедек баланы асыраушы ана Үміт Ғазизқызы. Рейд барысында инспекторлар алдымен Қырқыңшы стансасындағы Төрқұлұлы, 19 мекенжайында тұратын ананың үйіне келіп, әлеуметтік осал топтағы тұрғынның жылыту маусымына дайындық ба-

рысымен танысты. Аралау барысында пештер мен мұржаларды, электр жылытқышының дұрыс орнатылуына басты назар аударылды. Мамандар жылыту құралының айналасындағы жарықты бітеу керек екенін, оның алдына міндетті түрде металл қаңыл-

тыр қойып, құбырды үш айда бір рет тазалап тұрудың қажеттігін ескертті. Содан соң өрт қауіпсіздігі айлығының бірінші кезеңін өткізу аясында ТЖД басқармасының Алматы ауданы бойынша инженері Сағынтай Қадырбеков елордалық тұрғынның үйіне жылыту маусымы кезінде иіс тиіп қалмас үшін улы газды анықтайтын дабыл қондырғысын тегін орнатып берді.

– Өткен пеш жағу маусымында жеке тұрған 110 үйден өрт шыққан. Дегенмен бұл көрсеткіш былтырғымен салыстырғанда 23 пайызға кем. Астана қаласы бойынша барлығы 935 тұрғын үй есепте тұр және де жатақхана мен коммерциялық қызмет ретінде қайта жасалған 1162 тұрғын үй-жай бар. 2022-2023 жылыту маусымында қала бойынша тұрғын үйлерге 308 датчик орнатылды. Соның нәтижесінде былтыр қалада болған өрттің бірінде дыбыстық құрылғының көмегімен бүгіндей бір отбасы аман қалды, – деді С.Қадырбеков.

Халықтың әлеуметтік осал топтарының тұрғын үйлерін аралау арқылы тілсіз жаудың алдын алу іс-шаралары 15 қыркүйекке дейін жалғасады.



Сұлтан СЕЙІТ

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

## АСТАНАНЫҢ АУЛАЛАРЫ АЖАРЛЫ

**К**әзіргі кезде Астанада заман талабына сай барлық қажетті құралдармен жабдықталған аулалар аз емес. Ондағы әртүрлі жастағы балаларға арналған ойын алаңдары мен түрлі түсті қондырғылар, әткеншектер мен асфальтталған жаяу жүргіншілер жолдары – бәрі-бәрі тұрғындарға лайықталған. Немерелерін ойнатуға шыққан ата-әжелер үшін де әңгімелесіп, дидарласуға арналған жайлы орындықтар мен қоқыс жәшіктері, тіпті спортпен айналысамын дегендердің шынығуы үшін де барлық жағдай жасалған.

Елорданың ескі бөлігі мен бас қаладан сыртқары орналасқан елді мекендерге де көбірек көңіл бөлінуде. Мамандардың мәлімдеуінше, осы бір игі дәстүр алдағы уақытта лайықты жалғасын табады. Себебі Астана аулаларын абаттандыру – Мемлекет басшысының тікелей бақылауында.

### 100 АУЛА АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Алматы ауданында барлығы 465 орамшілік аула аумағы мен 7 саябақ, 37 гүлзар орналасқан. Ағымдағы жылы аудан әкімінің аппаратымен 60 аулада абаттандыру жұмысы жоспарлануда. Осы жылға жоспарланған аулаларды абаттандыру жұмысының үштен бір бөлігі орындалды.

Бүгінгі таңда Ш.Құдайбердіұлы даңғылындағы №25/1, 29/1, Б.Момышұлы даңғылындағы №18, 18/1 үйлер мен Манас көшесіндегі №23/1 үйлердің ауласы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы шеңберінде абаттандырылуда. Мұнда балалар мен көпфункционалды спорт алаңдары, құмсалғыштар, әткеншектер пайда болды, футбол мен стритбол алаңдары, шамдар орнатылды, көшеттер отырғызылды.

Аулаларды жөндеу жұмысы осы жылдың маусым айында басталды. Жобаны талқылауға барлық үй тұрғындары қатысты, іске асыру барысында әрқайсысының пікірі ескерілді.

Елордада 2019 жылдан бері «Халық қатысатын бюджет» жобасы жүзеге асып келеді. Бүгінгі таңда бас қаладағы барлық бес ауданның ауласы да сол аумақ тұрғындарының ұсынысы, өтініш-тілегі негізінде дамып, ажарлана түсуде.



Сондай-ақ, К.Әзірбаев көшесі, 8 мекенжайындағы аулада аумақты абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. Жалпы аумағы 2 мың шаршы метр жерге жұмысшылар тротуар төсеп, спорт және балалар ойын алаңдарын, орындықтар, урналар, шағын сәулет нысандарын орнатуда.

Биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ауданда 100-ден

астам тұрғын үй кешенінің аумағын абаттандыру қарастырылған. Барлық жұмыс қазан айына дейін аяқталады.

### ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Байқоңыр ауданында «Ақбұлақ» жағалауының Амман көшесінен Тәуелсіздік даңғылына дейінгі аралығы толығымен

абаттандырылып, осы аумақ елорда тұрғындарының демалысына қолайлы қоғамдық кеңістікке айналды. Бұдан бөлек, қазіргі таңда Ақбұлақ өзені жағалауының екінші бөлігі, яғни Абылай хан даңғылынан Ш.Құдайбердіұлы даңғылына дейінгі аралығында абаттандыру жұмысы жалғасуда. Аталған аумақта ескірген алаң қайта жаңарып, заманауи қоғамдық кеңістік бой көтермек.

Аудандағы Ш.Иманбаева көшесі, 8; Бөгенбай батыр даңғылы, 56; А.Бараев көшесі, 13; С.Сейфуллин көшесі 65/1; Ә.Сембинов көшесі, 24 мекенжайлары бойынша абаттандырылған жаңа аулалар тұрғындар игілігіне берілген болатын. Тұрғын үйлердің қасбеті жөнделді.

Есіл ауданында «Уют» тұрғын үй кешенінің маңындағы аула абаттандырылды. Мәңгілік ел көшесіндегі 26 үйдің ауласы да тұрғындар талабымен жайласты.

Нұра ауданында барлығы 418 көппәтерлі тұрғын үй бар, онда 330 аула аумағы орналасқан. Олардың 74-і жөндеуді қажет етеді. Жаңа аппараттың құрылуына байланысты биыл осы ауданда 2 ауланы («Памир» ТК, «Аққу» ТК) күрделі абаттандыру жоспарлануда. Бұл аулаларда алаңның жабыны, шағын сәулет формалары күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар, тұрғындардың өтініші негізінде бірқатар аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізілуде: ойын алаңдарының элементтері жөндеуде, шамдар, төсеніштер ауыстырылуда және т. б. жұмыстар жүріп жатыр.

### АУЛАСЫ КӨП АУДАН

Астанадағы ауласы ең көп аудан – Сарыарқа ауданы. Бү-



гінгі таңда ондағы 587 ауланың 142-сі күрделі жөндеуді қажет етеді. Соңғы үш жылда 125 аула мен 32 қоғамдық кеңістік абаттандырылды.

2023 жылы 27 ауланы абаттандыру жоспарлануда, оның ішінде 15 аула «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында жүргізілсе, 12 аула кешенді түрде абаттандырылады. Қазіргі кезде 7 аулада жұмыс жүріп жатыр. Сонымен бірге 107 аулада жөндеу-қалпына келтіру жұмысы басталса, 3 қоғамдық кеңістік, олардың 1-еуі ауданның орталық бөлігінде және қалған 2-еуі тұрғын алаптарда жүргізіледі.

Сарыарқа ауданының аумағында ағымдағы күрделі жөндеуден өткізілген аулалардың бірі Ш.Қосшығұлұлы, 7 мекенжайында орналасқан. Толық абаттандыру аумағы 2411 шаршы метрді құрайды. Бұл ретте балалар ойын алаңын орнату, спорт және workout

алаңдарын, демалыс аймағы, футбол алаңын абаттандыру және т. б. жұмыстар жүргізілуде.

Ойын алаңдарында тартан жабыны төселген. Бұл балалар құлап қалған жағдайда жарақаттанудың алдын алады. Сондай-ақ барлық жоба ескізілі тұрғындармен ақылдаса отырып, шағын архитектураларды таңдау арқылы жүзеге асуда. Бұған қоса, аулаішілік асфальт төсемдерін тұрғындармен ақылдаса отырып, шағын архитектураларды таңдау арқылы жүзеге асуда. Бұған қоса, аулаішілік асфальт төсемдерін тұрғындармен ақылдаса отырып, шағын архитектураларды таңдау арқылы жүзеге асуда. Бұған қоса, аулаішілік асфальт төсемдерін тұрғындармен ақылдаса отырып, шағын архитектураларды таңдау арқылы жүзеге асуда.

Құрылыс маусымы басталғалы бері «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша аудан аумағындағы 8 ауланың абаттандырылуы аяқталды. Күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, осы маңдағы ойын алаңдары жаңартып, автотұрақ орындарын жайластырып, жарықтандыру және көгалдандыру жұмысы жүзеге асты.



Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

**П**резидент Қасым-Жомарт Тоқаев осы мәселеге қатысты айтқан сөзінде «Ауыл мен қала балаларының білім деңгейінде алшақтық болмауы керек. Тұрғылықты мекенжайы мен ата-анасының әлеуметтік статусына қарамастан, барлық балаға сапалы білім қолжетімді болуы керек» деген еді.

Еліміздің республикалық маңызы бар қалаларында, өңірлер орталықтарында дарынды балалар оқитын Назарбаев зияткерлік мектептері, білім-инновация лицейлері, республикалық физика-математика мектептері, «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернаттары бар. Білім беру ұйымдары, меншік нысаны мен ведомстволық нысанға, оқыту тіліне қарамастан, «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына» сәйкес білім береді.

ОЙЛАНДЫРҒАН  
ДЕРЕКТЕР

Ел бойынша 90 лицейдің 7-еуі (лицейлердің жалпы санының 8 пайызы) және 120 гимназияның 17-сі (гимназиялардың жалпы санының 14 пайызы) ғана ауылдағы елді мекендерде орналасқан.

Кең жолақты интернеттің болмауына байланысты ауылдық мектеп оқушыларының цифрлы білім беру ресурсына қолжетімділігі шектеулі. Ауылдық мектептердің үштен бірінде (1364 мектеп) интернет жылдамдығы 2 Мбит/с-тан төмен, ал ауылдық мектептердің көпшілігі интернет желісіне 4 Мбит/с жылдамдықпен қосылған.

Оқу жабдықтарымен жеткіліксіз жарақтандыру және ауылдық мектептердегі білім беру мүмкіндіктерінің төмен деңгейі оқушыларға сапалы білім беруге теріс әсер етеді. Мысалы, PISA зерттеуіне сенсек, оқу сауаты бойынша ауыл мектептері қала мектептерінен 38 ұпайға, жаратылыстану ғылымдары бойынша 32 ұпайға, математика бойынша 22 ұпайға төмен.

Мұғалімдердің әдістемелік құзыреті мен ауыл мектептері оқушыларының пәндік білімінің жеткіліксіздігінен олардың мамандандырылған мектептерге (НЗМ, РФММ, БИЛ, «Дарын» мектебі және т. б.) түсу көрсеткіші де төмен. Оқу-ағарту министрлігінің дерегіне сәйкес, соңғы үш жылда ауыл оқушыларының тек 0,2 пайызы еліміздің мамандандырылған мектептеріне түрлі бағыт бойынша оқуға түскен.

Мектеп базасының нашарлығынан Назарбаев университетіне түскен ауыл түлектері де сауақпен санарлық. Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ақпаратқа сәйкес, үш жыл ішінде (2020-2022 жылдар) Назарбаев универ-



# АУЫЛ БАЛАСЫ МЕГАПОЛИСТЕ ОҚИ АЛА МА?

Бұрындары ауыл мен қала балаларындағы білім сапасында айырмашылық бола бермейтін. Аудан орталықтары мен үлкен қалаларда интернаттар болатын. Қазір билікте мемлекеттік қызметте отырғандар арасында кешегі кеңес жүйесі кезінде білім алған дарындылар бар. Олар елдік мәселесіне келгенде ұлт мүддесін қозғап, ашық, өткір пікір қалдыра алатын тұлғалар екені рас. Әрине, оқу жүйесі, білім стандарты бірдей болғанмен, қазір орта білім алуға қатысты қала балаларына жасалған мүмкіндік ауыл балаларында бар деп айта алмаймыз. Қашықтан оқу әдісі де дами қойған жоқ, өйткені олар қажетті интернетке жете алмай отыр.

ситетіне ауыл мектептерінен 54 бала оқуға түскен.

Қазіргі уақытта ауылдық квота бойынша «Болашақ» халықаралық стипендиясы тек 1 кандидатқа ғана беріледі.

Соңғы үш жылда бакалавриат бағдарламасы бойынша әлемнің 16 мемлекетінен бөлінген 429 білім беру гранты иегерлерінің арасында ауыл мектептерінің түлектері мүлдем жоқ.

Мұның бәрі ауыл балаларының дайындық деңгейінің төмен, ауыл мен қала мектептеріндегі оқу процесінің негізгі сипаттамасындағы дифференциацияның айғағы. Жабдықталу деңгейінің нашарлығы, шағын жинақты сыныптар, кәсіби білігі төмен педагогтар, интернеттің баяулығы ауыл мектептерінде сапалы білім алуға кедергі келтіреді.

## «АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ АУЫЛ БАЛАЛАРЫН ҚОЛДАЙДЫ

Міне, осы мәселелер бойынша «Ауыл» халықтық-демократиялық, патриоттық партиясы жуырда Астанада өткізген дөңгелек үстелде өзекті тақырып жан-жақты қаралып, талқылаулар нәтижесінде ұсынымдар жобасы қабылданды. Басты мақсат – ауыл оқушыларының республикалық және өңірлік деңгейдегі мамандандырылған білім беру ұйымдарына оқуға түсуі үшін қосымша онлайн білім беру мен дайындық курсының қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірлеу, ауыл мектептеріндегі оқушылардың тереңдетілген білім беру ұйымын таңдаудағы мүмкіндігін кеңейту арқылы олардың жалпы білім алудағы

жетістігін жақсарту.

Мәжіліс депутаты Ерболат Саурықов басқосудың маңызына тоқталып, ауыл оқушыларының тереңдетілген білім беретін оқу ұйымдарына түсуі үшін дайындық курсының қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ «ауыл мектептерінде білім беру сапасын арттырып, ауылдық жерлердегі оқушыларға заманауи мүмкіндіктерді пайдалануға жол ашу үшін білім беру саласындағы мемлекеттік, жекеменшік және қоғамдық ұйымдарды жұмылдыру керек. Цифрлы технологиялар дамып, білім беру модельдері көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп, өзін-өзі оқытудың, онлайн-платформалардың небір жаңашыл әдістемелері жарыққа шығып жатқан уақытта ауыл оқушылары тағы да жаңалық атаулыдан мақұрым қалмақ па? Білім беру жүйесіндегі бұл



Ауыл мектептеріндегі басты проблема – оқу кабинеттерінің қазіргі заманға сай қамтамасыз етілмей отырғаны. Ақпараттандыру жағдайында пән мұғалімдерінің пән бойынша ақпаратты табу мен өңдеуді жетік меңгергені тиімді, – дейді Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы орта білім институты жаратылыстану-математика білім зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Шолпан Шүйіншина.

Ауыл мектебінің проблемасын шешу үшін электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі құрылған. Онда білім беру ұйымдарының порталы, ұлттық білім беру деректер қоры, ішкі корпоративтік қор, электрондық кітапхана, білім беру ұйымы басқару жүйесі бар. Электрондық оқытудың бұл ақпараттық жүйесін e.edu.kz сайтынан көруге болады.

Кеңес Одағы тұсында ауыл балаларына арналған қосымша білім беру жүйесі жақсы дамыды. Сабақтан тыс жұмыстар мен қосымша білім беру қазір пәндік үйірмелер арқылы жүзеге асады. Бірақ заманға сай қамтамасыз етілмегендіктен балаларды қызықтыру қиын, оқушылардың бос уақытын толық қамтамасыз етуге, жекелеген пәндерді терең оқуға мүмкіндік бермейді.

Қала баласының ауыл баласына қарағанда білім алуға, оның ішінде тіл үйренуде мүмкіндігі көп. Мектептен бөлек, тіл оқыту орталығына барады, репетитор жалдайды. Ал репетиторлар кімдер? Ағылшын тілін еркін меңгерген, шет елде білім алған жастар. Ондай мамандарды, мәселен ағылшын тілі мамандығы бойынша үздік дипломы бар немесе магистр дәрежесін алғандарды ауылға барғыза алмаймыз анық. Ендеше ауыл баласын қала баласының білімімен қалай теңестіре аламыз? Ол үшін қашықтан оқытуды қолға алуымыз қажет сияқты, – дейді Назарбаев университетінің доценті Лаура Дәуренбекова.

## ҚАЛА БАЛАСЫ МЕН АУЫЛ БАЛАСЫН САЛЫСТЫРСАҚ...

Ауыл баласымен салыстырғанда, қала баласы біліммен бәсекеге түсуді аздап меңгеріп қалды. Алайда олардың көбі қара жұмысқа жоқ, еңбекке икемсіз, шаруаға қыры жоқ. Ата-ананың әлеуметтік жағдайына қарай спорт үйірмелері мен өзге де қосымша сабаққа қатысатындары уақытты тиімді пайдалануға дағдыланып келеді. Патриоттық тәрбие беруде ата-ана көбіне мектепке иек артқанмен, қала балалары сабақтан тыс жұмыстарға, яки қоғамдық жұмыстарға кеткен уақытты аса тиімді деп есептейді. Жапон мектептерінде

## ГРАНТТАР БЕРІЛЕДІ

Ғылым және жоғары білім министрлігі ел және шетел азаматтарын, сондай-ақ, шетелде тұратын қандастарды жоғары оқу орындарының дайындық бөлімінде оқуды ұсынады.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан азаматы болып табылмайтын қазақ ұлты үшін 1300 грант қаралды. Одан бөлек, тіл курсы үшін (Қазақстан азаматтарына) – 200, тіл курсы үшін (шетел азаматтарына) – 50, Түркияның және басқа түркітілдес

елдердің азаматтары үшін 200 грант бөлінді.

Бұл бойынша білім алуға ниетті азаматтар 11 тамыз бен 5 қыркүйек аралығында Жоғары білімді дамыту ұлттық орталығының сайтында epic-kazakhstan.edu.kz құжатын тапсыра алады.



## ЖАТАҚХАНА ШЫҒЫНЫ СУБСИДИЯЛАНАДЫ

Басқа қалаларда тұратын ата-анасынан айырылған студенттердің жатақханада тұру шығындары өтеледі.

Жаңа оқу жылы қарсаңында Президент тапсырмаларын орындау аясында Үкімет тиісті қаулы қабылдады. Бұл бойынша Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оған сәйкес, азаматтардың

жекелеген санаттары үшін елдің колледждері мен жоғары оқу орындарында білім алу кезінде жатақханада тұру шығындары үшін өтемақы төлеу көзделді.

Жатақханаларда тұру шығындары үшін өтемақы сомасы жылына 29 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Биыл барлығы 7145 адам өтемақы алады. Олардың ішінде 4651 жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған студенттер. 2494 мүгедектігі бар, бала кезінен мүгедек адамдар, мүгедектігі бар жастар бар.

Өтемақы осы жылдың қыркүйегінен бастап беріледі.

## ПАРАСПОРТШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Спорт күні қарсаңында өткен салтанатты кездесуге Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев, Олимпиада ойындарының чемпионы Серік Сәпиев пен Азия параойындарының чемпионы Сиязбек Далиев арнайы қатысты.

– Астана қаласы тұрғындарының 37 пайызы бұқаралық спортпен айналыса, кәсіби түрде 18 мыңнан астам спортшы (2 мың ересек, 16 мың жасөспірім) шұғылданады.

Соңғы жылдары параспорт түрлері де жақсы дамуда. Токиода өткен Олимпиада ойындарында қазақстандық спортшылар 8 қола жеңіп алса, параспортшылар бірнеше рет дараланып, Паралимпиадада көк туды желбіретіп, абыройымызды асырды.

Елордада спортпен тұрақты шұғылдануға арналған 1000-нан аса спорт нысаны бар. 35 спорт сарайында бірнеше спорт түрімен айналысуға болады.

Алдағы уақытта БЦП диагностика бар балалар үшін «Қазақстан» спорт кешенінде арнайы бассейніске қосылады. «Қазанат» иппод-

ромында мүгедек адамдар үшін иппотерапия алуға мүмкіндік беріледі, – деді Есет Байкен.

Іс-шара барысында балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, мүгедектігі бар адамдарға арналған спорт мектебінің басшысы Азамат Тағаев атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Жаттықтырушылар Геннадий Герасименко (пара үстел теннисі), Алия Туусупбекова (арбамен билеу), Ербол Симамбаев (пара таэквондо), Мейрамгүл Дукева (пара каратэ), Бақытжан Жұмабаев (пара жүзу), Денис Рыбка (пара пауэрлифтинг), Медеу Абенов (пара волейбол) және Бек Молдахметов (еркін күрес) марапат мінберіне шығып, арнайы мақтау қағасына ие болды. Бұл қатарда Сандуғаш Болысбай (тоғызқұмалақ), Ұлан



Ануар (пауэрлифтинг), Тәжібай Таймамбетов (сурдо футбол), Ирина Щетинина (жеңіл атлетика), Тойжан Алшинова (пара каратэ), Қалысбек Чалыспаев (сурдо үстел теннисі), Руслан Ахметов (сурдо футбол), Ләззат Жусупова (пара каратэ), Михаил Бурчалин (оқпен ату), Рамазан Тауба (сурдо дзюдо), Ахмет Айнабеков (грек-рим күресі),

Заир Ахмедов (қол күрес), Ернар Мурзағалиев (сурдо жүзу) болды.

VI паралимпиадалық ойындарының 28 жүлдегері де сый-құрметтен құр қалмады. Ел намысын халықаралық деңгейдегі додаларда қорғайтын спортшыларды рухани қолдау – маңызды міндет. Өйткені спортшылардың деңгейіне қарап елдің әлеуметтік-экономикалық қуатын саралап жатады.

«Пара үстел теннисімен 8 жылдан бері кәсіби түрде айналысамын. Өзіме ұнайды әрі өзге спорттан қарағанда жарақат алу қаупі төмен. Осы жылдар ішінде ел чемпионатында бірнеше рет үздік болдым. Күзде Қытайда өтетін лицензиялық Параазия ойындарына қатысып, әлем үздіктері саналатын Қытай, Оңтүстік Корея және Жапонияның мықты спортшыларымен күш сынасамын. Жеңуге барынша күш саламын» деп жоспарымен бөлісті Александра Степанова.



## ҮЛКЕН ФУТБОЛ АУЛАДАН БАСТАЛАДЫ

Астана қаласында аула командалары арасында футболдан «Аула лигасы» турнирі өтуде. Тамыз айының басында елордада аула футболына іріктеу кезеңі өтіп, турнирдің келесі кезеңіне 53 команда жолдама алды.

Турнир қаланың бес спорт алаңында өтуде. Елорданың футбол сүйер жанкүйерлері Сарыарқа ауданындағы «Көктал» паркі (Бейбарыс Сұлтан көшесі), Алматы ауданындағы Қазақстан футбол федерациясының (ҚФФ) ашық футбол алаңындағы (Б.Момышұлы даңғылы, 5А) тартысты ойындарды көре алады. Байқоңыр ауданының аула клубтары да ҚФФ ашық футбол алаңында бақ сынаиды. Ал Нұра ауданындағы аула командалары №81 Astana English school гимназиясының алаңында



Бетті дайындаған **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

## ЖАҢА СПОРТ ЗАЛ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Елордадағы №7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің теңгеріміндегі тағы бір нысан қосылды.

Ш.Айтматов, 33 мекенжайында орналасқан үй-жай берілді. Жалпы ауданы – 427,9 шаршы метр.

Жаңа спорт зал жұмысымен Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов,

қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев танысты.

№7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы Серік Халеловтің айтуынша, жаңа кешенде жекпе-жек

және күрес залдары, арнайы жаттықтырушылар бөлмесі, ұлдар мен қыздарға арналған жуынатын және инвентарлық бөлмелер бар.

Мұнда жасөспірімдер қазақ күресі, джиу-джитсу, грэпплинг,

таеквондо, каратэ-до, муайтай, киокушинкай кан каратэ, самбо спортымен шұғылдана алады.

Жалпы елордада 11 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Онда 8829 спортшы жаттығады.

21-25 тамыз аралығында елорда тұрғындары мен қонақтары джиу-джитсудан жастар мен кадеттер (U14-U21) арасында әлем чемпионатын тамашалайтын болады.

## ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ – АСТАНАДА


Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында өтетін турнирде 42 елден келген 1200-ден астам спортшы бақ сынаиды. Қазақстан атынан 194 спортшы қатысады.

АҚШ, Қытай, Германия, Португалия, Франция, Италия, Греция, Венгрия, Оңтүстік Корея, Нидерланды, Моңғолия, Словакия, Швеция, Швейцарияның үздік спортшылары жарыстың көркін қыздырады.

1996 жылы 3-4 ақпанда Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында алғаш рет әлем чемпионаты өтті. Бразилиялық спортшы Мар-

кус Винисиус 13 рет әлем чемпионы болды. Қазақ спортшыларының арасында Айдар Махметов ММА, джиу-джитсу және каратэ бойынша әлемнің 5 дүркін чемпионы атанды. Жеңіс Нұрлыбаев джиу-джитсуден өткен әлем чемпионатында екі рет дараланды.

2018 жылы Индонезияда өткен XVIII Азия ойындарының бағдарламасына енді. Бүгінде елдің әр өңірінде джиу-джитсу бұқаралық спорт ретінде дамуда. Астанадағы әлем чемпионаты – жас спортшылардың өз-өзін дәлелдеуге үлкен мүмкіндік.



## СПОРТ КҮНІ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

19 тамыз – Спорт күніне елордада орай бұқаралық велшеру өтеді. Бұл іс-шараның бір ерекшелігі – тек спорт қызметкерлері ғана қатыса алады.

Велшеруге қатысушылар Қосшы қаласына қарай жол бойындағы айналма веложолдан «Астана орманы» жасыл белдеу веложолына дейінгі 25 шақырымды жүріп өтеді.

Мәреге жеткендерге финишер медалі беріледі. Сахна жанында қол күресі, тір спорты, асық ату, арқан

тартыс, дартс ойынынан жарыс өтеді. Сөйтіп, спорт күні кең көлемде аталып өтеді.

Велшеруге тіркелген қатысушылар арасында лотерея өтіп, бағалы сыйлықтар ойнатылады. Оның ішінде велосипед, шлем, бөтелкелер бар.

### ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

2023 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасында электр энергиясын бірінғай сатып алушы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын енгізе отырып, электр энергиясын сатып алудың жаңа моделі енгізілді. Электр энергиясын сатып алудың қазіргі моделі энергиямен жабдықтаушы компаниялар үшін электр энергиясының өзіндік құнын айтарлықтай арттырды, сонымен қатар энергиямен жабдықтаушы компаниялар шығарылатын электр энергиясы үшін міндетті тәуліктік алдын ала төлем жасауы керек.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды назарға ала отырып, «Астана қалалық жарық» ЖШС электрэнергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланатын тұтынушылар тобы үшін 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап электр энергиясын жеткізуге тарифтердің келесі санаттар бойынша көтерілуі туралы хабарлайды:

– Тұрмыстық қажеттіліктер үшін электр энергиясын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі (электр плиталары бар) – ҚҚС-пен 1 кВт үшін 28,00 теңге оның ішінде тұтыну көлемі бойынша:

– минималды 0-ден 90 кВт/сағ-қа дейін – ҚҚС-пен 1 кВт үшін 21,00 теңге

– орташа 90-нан 180 кВт/сағ-қа дейін – ҚҚС-пен 1 кВт үшін 33,60 теңге

– максималды 180 кВт/сағ – ҚҚС-пен 1 кВт үшін 42 теңге

Мәлімет үшін, тұтынушылар энергиямен жабдықтаушы ұйымды басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымға көшу арқылы өзгертуге құқылы екенін хабарлаймыз (келіп-кіріс беруші – жеткізуші «Астана-энергосбыт» ЖШС).

Құрметпен, «Астана қалалық жарық» ЖШС әкімшілігі












№97 (4530) 17/08/2023 Бейсенбі

Шет елдердегі архивте сақталған Қазақстан тарихына қатысты құжаттармен толықтыруға бағытталған «Архив-2025» жобасы – ауқымды әрі маңызды жобаның бірі.

**Ф**алымдардан құрылған экспедициялар алыс-жақын шет елдердегі архивтер мен кітапханаларда зерттеу-іздістіру жұмысын жүргізіп келеді. Сондай сәтті іс-сапардың бірі 2022 жылдың тамыз айында Башқұртстанның Уфа қаласында жалғасты.

Башқұртстанның ұлттық музейі, ұлттық кітапханасы мен ұлттық архив қорлары бойынша ауқымды ғылыми-ізденіс жұмысы жүргізіліп, құнды ақпараттар жинақталды. Ұлттық музей қорының сирек кітаптар бөлімінен XIX-XX ғасырдағы араб, шағатай және көне түркі тілінде жазылған құнды қолжазбалар мен сирек кездесетін Қазақстан тарихына қатысты құжаттар мен кітаптарды анықтады. Орынбор мен Уфада шығып тұрған «Ислам», «Религия и жизнь», «Шора», «Знание», «Мағлұмат», «Башқұрт аймағы» атты түркі халықтарына ортақ әдеби-тарихи басылмалардағы сол кезеңдегі қазақ тарихына қатысты мәліметтер мен де-



Қорқыт атаның мазары

## ҚОРҚЫТ АТАНЫҢ МАЗАРЫ ҚАНДАЙ БОЛҒАН?

ректер жарияланған кезекті нөмірінің көшірмесі алынды. Ал Башқұртстан архивінен Орынбор әскери губернаторы, Орынбор губерниясына қатысты оқу-ағарту ісі қоры бойынша маңызды құжаттардың көшірмесі жинақталды. Ұлттық кітапхана қорындағы ғылыми-ізденіс жұмысы барысында қазақ халқының өткен тарихына қатысты аса құнды құжаттар мен деректерге кез болды. 1907 жылы Қазан

қаласындағы И.Ермолаевтың баспаханасында көне көне түркі тілінде басылған «Қазақ ахуалы» атты еңбек құнды саналды. Онда XVIII ғасырдағы қазақ ұлтының тұрмысы, әдет-ғұрпы туралы қамтылған. Одан бөлек, Көлбай Тоғысыновтың «Надандық құрбаны» атты 3 бөлімнен тұратын (1915 жылы жазылып, Уфада қадим емлесінде жарық көрген) пьесасының көшірмесі алынды.

Біздің қолымызға түскен құнды еңбектің бірі – Скайлер Юджиннің «Түркістан тарихы және саяхат жазбалары». 1873 жылы Евгений Шулер есімімен белгілі болған америкалық зерттеушінің сапары Санкт-Петербургте басталады. Одан әрі Орынбор арқылы Перовский фортына келеді. Сосын Ташкент пен Самарқанд, Бұхараға өтеді. Сегіз айға созылған саяхаттан Сібір мен Орал арқылы Санкт-Петербургқа оралады. Нәтижесінде 1876 жылы Түркістан саяхатынан алған әсерлері негізінде ағылшын тілінде күнделік еңбегін жазады. Автор осы саяхатында қазақтардың әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігіне қатысты құнды мәліметтер береді.

Автор түркі халықтарына ортақ тарихи тұлға – Қорқыт атаға қатысты деректерді келтіре отырып, Қорқыт ата мазарының (1876 жылғы) бейнесін кескіндейді. 1925 жылдан Қорқыт ата мазары опырыла бастап, 1952 жылы Сырдария өзені шайып кеткен.

**Гүлсім БИСЕНОВА,**  
тарих ғылымдарының кандидаты

## АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ!

Биыл талай ұрпаққа ой салып, ғибрат берген Абайдың қара сөздеріне 125 жыл толды.

1918 жылы жарық көрген ақын еңбегінде көтерілген философиялық ойлары әлі мәнін жойған жоқ. Кітап дүкендері желісінде күн сайын Абайдың 100-ге тарта қара сөздерінен жинақталған кітап сатылады.

Абай атындағы №87 мектептің оқушысы Илия Мықтыбек:

– Рухани сырласым Абай десем, оның қара сөздерінен тағылым аламын. Хакімнің 20 қара сөзін жаттап, Абай оқуларында бірнеше рет дараландым, – дейді.

Ұлттық академиялық кітапхананың ғылыми қызметкері Шыңғыс Бегімбаевтың сөзінше, kazneb.kz электронды платформасында қай кітап қаншалықты оқылатынына талдау жасалады. Бұл тізімде Абайдың қара сөздері алдыңғы қатарда тұрғаны байқалады.



## ОҚУШЫЛАР «АТАМЕКЕНДІ» АРАЛАДЫ

Елордада ашық аспан астындағы музей жазғы маусымға орай ашылып, оған 100-ден аса көпбалалы отбасы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылар және мүгедектігі бар балалар мен ата-аналар келіп танысты.



«Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені Астана, Алматы, Шымкент қаласы мен өзге өңірдегі тарихи орындары мен көрнекті ғимараттарын макеттер арқылы таныстырады.

«Мұнда екі баламмен келдім. Экскурсоводтар әр өңір туралы қызықты ақпаратпен бөлісті. Маған Астана, Алматы қаласы-

ның және Маңғыстау өңірінің макеті ұнады. Бұл орынға алғаш рет келіп тұрмын. Алдағы уақытта отбасымызбен бірге баратын боламыз» деді елордалық көпбалалы ата-ана Сұлушаш Тұрлан.

Мемориалдық кешен күн сайын таңғы сағат 9:00-ден кешкі 18:00-ге дейін жұмыс істейді. Ал әр аптаның дүйсенбі күні демалыс.

## ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістанның Тәуелсіздік күніне орай елдің Премьер-министрі Нарендра Модиге құттықтау жеделхатын жолдап, ізгі тілегін жеткізді.



**Айгүл УАЙС**

Президент Қазақстан мен Үндістанды ұзақ жылдар бойы қалыптасқан стратегиялық серіктестік қатынас байланыстыратынын атап өтіп, екі елдің мүддесі үшін көпжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті екенін айтты. Мемлекет басшысы Нарендра Модидің барлық игі бастамасына табыс, ал достас Үндістан халқына бақ-береке тіледі.

Атаулы күні Үндістанның Астанадағы елшілігі Свами Вивекананда мәдени орталығында Үндістанның 77-ші Тәуелсіздік күнін мерекелеуге арналған үлкен іс-шара өткізді.

Салтанатты рәсім уақытында сенімді өкіл Дигвиджай Санджай Патил мырзаның ту көтеруінен басталды, содан кейін Үндістанның ұлттық әнұраны шырқалды. Ресми бөлім Үндістанның құрметті президентінің уақытына сенімді өкілдің ұлтқа үндеуін оқумен жалғасты.

Үндістанның 75 жылдығын тойлауды жалғастыра отырып, Үндістан елшілігі 2023 жылдың 1 тамызында АКАМ онлайн-викторинасын бастады. АКАМ мерекесі аясында елшілік «Хар Гар Тиранга», «Гаон Мери Джарохар» және «Мери Маати Мера Деш» науқандарына ықпал етіп, Тәуелсіздік күні қарсаңында елшіліктің қызметкерлері мен

Астанадағы үнді қауымдастығының мүшелері қатысқан іс-шара ұйымдастырды.

Үндістанның бостандығы үшін күреске қоғамның барлық саласындағы адамдар қатысты. «Ванде Бхарат» – Отан бостандығы мен мақтаншы үшін өз өмірін қиған батырларға сәлем тақырыбындағы би-музыкалық презентация Тәуелсіздік күнін мерекелеудің шарықтау шегі болды. «Ванде Бхарат» үнді биі мен музыкасының әртүрлі формасын, соның ішінде қазақтың халық биін ұсынуды SVCC директоры Санжай Веди мырза ойлап тапқан және оны SVCC би мұғалімі және орындаушысы Видьягаури Хемант Адкар ханым қойған. Қазақстандағы би-музыкалық және қазақ билерін бірдей кәсіби шеберлікпен орындап, сахнада өздерінің жігерлі және әсем өнерімен көрермендерді таңғалдырды. Сахналық қойылым әртістерді уақытына сенім білдірілген өкілмен құттықтаумен аяқталды. Іс-шараға 200-ден астам үндістер мен қазақтар қатысты.

Үнді тағамдары Қазақстанда өте танымал. Осыған орай, Үндістан елшілігі «India Gate» үнді мейрамханасымен бірлесіп, АКАМ мерекесі аясында елшілік «Хар Гар Тиранга», «Гаон Мери Джарохар» және «Мери Маати Мера Деш» науқандарына ықпал етіп, Тәуелсіздік күні қарсаңында елшіліктің қызметкерлері мен



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор –  
**Еркін ҚЫДЫР**

Шеф-редактор –  
**Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №97

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:

010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:

тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**